# Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылына арналған 6 «Ә» сыныптың тәрбие жоспары бойынша жылдық талдау есебі

Қыркүйек айында Рухани адамгершілік тәрбиеге байланысты білім күніне байланысты білім сабақтары « Мектебім- мейірім мекені!», Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл –татулық тірегі» атты апталық іс-шаралар ұйымдастырылды., Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау «Жеткіншектің жеті қарғысы», «Отбасы –бақыт мекені» , « Қожа Ахмет Яссауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл» атты тәрбие сағаты өткізілді. Қазан айында 5 қазан Қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай « Қарияға қол ұшын соз», « Ардагерлерді ардақтайық» тақырыбында қарттармен кездесу ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағатына ата-әжелер алқасы, ауыл қариялары шақырылып, ұл-қыздарға арналған өнегелерін айтып, адамгершілікке шақырды.Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз алғыс» атты мерекелік кеш өткізілді.Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Сәкен жырдың сарқылмас дариясы» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Қараша айында ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету мақсатында кеіес беру жұмыстары, ата-аналар жиналысы өткізілді. Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай «Жалынды ақын Махамбет» атты сынып сағаттары –тарихи жерлерге саяхат жасау, патриоттық өлең шеруі айтылды. 15 қараша- Валюта күніне орпай « Теңге –мемлекет келбеті» тақырыбында Ұлттық теңгеге байланысты дөңгелек үстел және танымдық сабақтар мен топтық жазба жұмыстары ұйымдастырылды. Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік таңы мәңгілік», «Ұлттық рух- мәңгілік ел болудың өзегі» атты іс-шара өткізілді. «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» үздік спортшыны анықтады. Қаңтар айында «Отбасындағы ортақ тіл», «Ғаламтор мен әлеуметтік желілер: зияны немесе пайдасы» туралы тәрбие сағаттары өткізілді.Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдығына орай «Жыр Құлагері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ақпан айында «Мейірімділік –асыл қасиет» атты қайырымдылық қоры өткізілді. Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай «Алаштың бір туар азаматы», «Алаш зиялылары және ұлт тілі» атты топтық жұмыс ұйымдастырылды. «Ар ұят және жауапкершілік», «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Наурыз айында 1 Наурыз- Алғыс айту күніне «Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту» «Мейірімді сөздер» километрі алғыс айту шеруі өткізілді. 8 наурыз –Халықаралық аналар күніне арналған «Ана, бәрі өзіңнен басталады» атты мерекелік іс-шаралар апталығы ұйымдастырылды.Сәуір айына ақын,жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл сынып сағаты, «Жалынды жастар көктемі», «Достық –көмекпен мықт» жастар экологиялық акциясы өткізілді. «Жігіт сұлтаны -2024» жігіттер арасында байқау өткізілді. Мамыр айында 7 Мамыр –Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды ердің ұрпағы», 9Мамыр-Жеңіс күніне орай «Ұлы Жеңіс жасасын!» атты сынып сағаттары өткізілді. «Мен таңдаған мамандық» атты дәріс, «Мен көшбасшымын», «Еңбегі адал жас өрен» атты жобасы еріктілермен жұмыс ұйымдастырылды. «25 Мамыр –Соңғы қоңырау» атты салтанатты мерекелік іс-шарасы және тәрбие сағаты өткізілді.

Сынып жетекшісі: Жанатова А.А.